

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҰЛАН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ
«БОЗАНБАЙ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

Бозанбай ауылы

БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«БОЗАНБАЙСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ПО УЛАНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

село Бозанбай

ПРИКАЗ

26.04.2023 жыл.

№ 2 /156

**«2023-2024 оқу жылының
аяқталуы және орта білім беру
ұйымдарында білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы №304 «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы», ШҚО білім басқармасының 2024 жылғы 22 сәуірдегі №203 бұйрығына және Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің 25 сәуір 2024 жылғы №113 бұйрығы негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары :

1.1. Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда аяқтасын.

1.2. Негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім беру деңгейлерінде қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша емтихандар өткізуді «Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен

5-8, 10 сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным» негізінде жүргізілсін.

1.3. 9-10 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында өткізілсін.

1.4. 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында өткізілсін.

1.5. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін:
9 (10) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр, өзбек, тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-2024 жылғы 6 маусым.

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, география, дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті, шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым.

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер / сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 31 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан -2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан-2024 жылғы 7 маусым

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынш), шет тілі (ағылшын/ француз/ неміс), информатика) - 2024 жылғы 11 маусым.

6) 2023-2024 оқу жылының «Орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін.

7) Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары 9-сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары, 11 сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу бойынша жұмысты сапалы ұйымдастырсын.

8) «Алтын белгіге» үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын (қазақ/ орыс тілі (оқыту тілі), алгебра және талдау негіздері бойынша) қатаң

белгіленген мерзімде Білім басқармасы жанындағы комиссияның қарауына жолдасын.

9) «Алтын белгіге» үміткерлер тізімі негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №532 «Алтын белгі» белгісі туралы Ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Алтын белгі» төсбелгісімен уақытында қамтамасыз етілсін.

1.5. Белгіленген мерзімде төмендегі құжаттарды ұсынсын:

- 2024 жылғы 16 мамырға дейін жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушылардың (электронды үлгіде) тізімін (ТАӘ жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес толтырылуы тиіс, ЖСН, оқыту тілі);
- 2024 жылғы 17 мамырға дейін үздік аттестатқа үміткер 9, 11 сынып оқушыларының тізімін;
- 2024 жылғы 17 мамырға дейін үздік аттестатқа үміткер 9, 11 сынып оқушыларының тізімін, денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттаудан босатылатын 9, 11 сынып оқушыларының құжаттарын;
- 2024 жылғы 14 маусымға дейін «Алтын белгі» белгісін растаған оқушылардың бекітілген тізімін ;

2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына:

1. 9, 11 сынып білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын білім бөлімдерінен қабылдап алсын;
2. «Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын білім бөлімінің тексеру комиссиясына уақытылы жеткізілсін;
3. 2024 жылғы 20 маусымға дейін білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды деректерді аудандық білім бөліміне ұсынсын;
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



А.К.Бухатова